

## **Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № ҚР ДСМ-196/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 18 қарашада № 21652 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 86-бабының 9-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 13.03.2024 № 9 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Мынадай:

1) "Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 126 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10638 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 мамырда жарияланған);

2) "Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту қағидаларын және Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту бағдарламаларын бекіту және "Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттерін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 126 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 168 бұйрығы 3-тармағының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16929 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне 2018 жылғы 6 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі*

*А. Цой*

Денсаулық сақтау министрінің  
Қазақстан Республикасының  
2020 жылғы 16 қарашадағы  
№ ҚР ДСМ-196/2020  
бұйрығымен  
бекітілген

## **Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда көзделген – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 13.03.2024 № 9 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 86-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және жеке медициналық кітапшаларды берудің, есепке алудың және жүргізудің бірыңғай тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке медициналық кітапша (бұдан әрі – ЖМК) – жұмысқа жіберу туралы белгі қойылып, міндетті медициналық қарап-тексерулердің нәтижелері енгізілетін, түрі мен ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толық жаңғыртатын дербес құжат;

2) жеке медициналық кітапша модулі (бұдан әрі – ЖМК модулі) – жеке медициналық кітапшаны тіркеуге, сақтауға, беруге, іздеуге, таратуға, пайдалануға және есепке алуға арналған медициналық ақпараттық жүйенің ақпараттық блогы;

3) медициналық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – МАЖ) – зертханалық ақпараттық жүйелерге функционалдылық бере отырып, денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін және/немесе

медициналық ұйымның медициналық ұйымда пайдаланылатын зертханалық ақпараттық жүйемен өзара іс-қимыл сервистерін ұсынуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе.

## **2-тарау. Жеке медициналық кітапшаны беру тәртібі**

3. ЖМК жұмысқа жіберу туралы белгі қойылып беріледі және қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) және денсаулық сақтау субъектісінің QR-коды арқылы куәландырылады.

4. ЖМК беруді меншік нысанына және ведомстволық тиесілілігіне қарамастан, медициналық қызметке лицензиясы бар және ақпараттық жүйеде тіркелген ресурстарды басқару жүйесі бар медициналық ұйымдар жүзеге асырады.

5. Міндетті медициналық қарап-тексеруді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектісі басшысының шешімімен міндетті медициналық қарап-тексеру және зертханалық зерттеулер нәтижелері бойынша ЖМК-ны есепке алу, жүргізу және беру бойынша орындауға/тиісінше орындамауға жауапты тұлға (терапевт дәрігер) (бұдан әрі – маман) тағайындалады.

6. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден синхрондау жолымен ЖМК модуліне көшіріледі. Ақпараттық жүйелерде тиісті мәліметтер болмаған кезде деректер қолмен енгізіледі.

7. Дәрігерлік тексерулер мен зертханалық зерттеулердің нәтижелері Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес МАЖ-дан синхрондау жолымен ЖМК модуліне көшіріледі.

8. Инфекциялық немесе паразиттік ауруын диагностикалау, сондай-ақ жұмысқа жіберуге қарсы көрсетілім болып табылатын инфекциялық аурулар қоздырғыштарының тасымалдануы анықталған кезде маман емделу үшін ЖМК иесін тұрғылықты жері бойынша медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін тиісті медициналық ұйымға жібереді.

## **3-тарау. Жеке медициналық кітапшаны есепке алу және жүргізу тәртібі**

9. ЖМК есепке алу Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МАЖ-дағы электрондық есепке алу журналында жүргізіледі.

10. ЖМК иесінің таңдауы бойынша ЖМК қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.

11. ЖМК иесінің фотосуреті тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден синхрондау жолымен ЖМК-ға көшіріледі, медициналық тексеру жүзеге асырылатын денсаулық сақтау субъектісінің QR-кодымен бекітіледі. Ақпараттық жүйелерде фотосурет болмаған кезде тасымалдағыштан қолмен енгізіледі.

12. Паспорттық деректерде жеке куәлік немесе паспорт бойынша ЖМК иесі туралы мәліметтер көрсетіледі.

13. ЖМК иесі туралы мәліметтерде ЖМК иесінің кәсібі мен лауазымы, жұмыс орны, туған күні, тұрғылықты жері көрсетіледі.

14. Инфекциялық аурулармен бұрын ауырғандығы туралы мәліметтер МАЖ-ден синхрондау жолымен ЖМК-ға көшіріледі.

15. Медициналық дәрігерлік қарап-тексеру нәтижелері бойынша терапевтің тегін, атын және әкесінің атын (бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) көрсете отырып, жеке ЭЦҚ-мен бекітілген қорытынды енгізеді.

16. ЭЦҚ-мен бекітілген бейінді дәрігердің рентгенологиялық тексеру нәтижесі және қорытындысы МАЖ синхрондау жолымен ЖМК-ға көшіріледі.

17. ЭЦҚ-мен бекітілген дерматовенеролог дәрігерінің венерологиялық ауруларды зертханалық зерттеу нәтижесі және қорытындысы МАЖ-дан синхрондау арқылы ЖМК-ға көшіріледі.

18. Профилактикалық екпелер туралы мәліметтер МАЖ-дан синхрондау жолымен ЖМК ға көшіріледі.

19. Патогенді стафилококкты тасымалдауға, гельминт жұмыртқаларына, бактериологиялық зерттеуге және вирустық гепатит маркерлеріне, АИТВ-ға зерттеу нәтижелері МАЖ-дан синхрондау арқылы ЖМК-ға көшіріледі. Маман жеке ЭЦҚ-мен бекітілген қорытындысын енгізеді.

20. ЖМК-да маманның Т.А.Ә. (бар болса), ЭЦҚ және денсаулық сақтау субъектісінің QR-кодын көрсете отырып, жұмысқа жіберу мерзімдері көрсетіледі.

21. Мәліметтердің дұрыс жазылмағаны анықталған кезде түзетулерді оған тиісті жазба енгізіліп, оның жеке ЭЦҚ-мен куәландырылған денсаулық сақтау субъектісінің қызметкері жүргізеді.

Жеке медициналық  
кітапшаларды беру, есепке алу  
және жүргізу қағидаларына  
1-қосымша

Үлгі

### **Жеке медициналық кітапша**

1-бөлім. Паспорт деректері/Раздел 1. Паспортные данные

Сурет орны/Место фотографии

1) Тегі /Фамилия \_\_\_\_\_

—  
2) Аты/ Имя \_\_\_\_\_

—  
3) Әкесінің аты (бар болса)/Отчество (при наличии) \_\_\_\_\_

—  
4) \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ жеке куәліктің,  
паспорттың

сериясы/ нөмірі серия /номер удостоверения личности паспорта

5) Жеке медициналық кітапшаның сериясы/Серия личной медицинской книжки № \_

2-бөлім. Жеке медициналық кітапшаның иесі туралы мәліметтер/Раздел 2. Сведения о

владельце личной медицинской книжки

1) Негізгі мамандығы/Основная профессия \_\_\_\_\_

2) Лауазымы/Должность \_\_\_\_\_

3) Жұмыс орны/Место работы \_\_\_\_\_

4) Туған жылы, айы, күні/Дата, месяц, год рождения \_\_\_\_\_

5) Мекен-жайы/Место жительства \_\_\_\_\_

3-бөлім. Инфекциялық аурулармен бұрын ауырғандығы туралы деректер/Раздел 3.

Данные о перенесенных инфекционных заболеваниях

Бұрын ауырған инфекциялық аурулар/Ранее перенесенные инфекционные заболевания

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

4-бөлім. Дәрігерлік тексеріп-қарау нәтижесі, терапевт/Раздел 4. Результат врачебного осмотра, терапевт

Күні/Дата	Дәрігердің қорытындысы/ Заключение врача	Дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық цифрлық қолтаңбасы /Фамилия, имя, отчество (при наличии), электронная цифровая подпись врача.
-----------	---	---

5-бөлім. Туберкулезге тексеру нәтижесі/Раздел 5. Результат обследования на туберкулез

Күні/Дата	Зертханалық зерттеулер және медициналық тексеріп-қарау нәтижесі бойынша дәрігердің қорытындысы/Заключение врача	Медициналық тексеріп-қарау жүргізген дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық цифрлық қолтаңбасы /Фамилия, имя, отчество (при
-----------	---	--

	по результатам лабораторных исследований и медицинского осмотра	наличии), электронная цифровая подпись врача, проводившего медицинский осмотр.
--	---	--

6-бөлім. Жыныс ауруларына дәрігерлік тексеріп-қарау және зертханалық зерттеудің нәтижесі, дерматовенеролог/Раздел 6. Результат врачебного осмотра и лабораторного исследования на венерические заболевания, дерматовенеролог

Күні/Дата	Зертханалық зерттеулер және медициналық тексеріп-қарау нәтижесі бойынша дәрігердің қорытындысы/Заключение врача по результатам лабораторных исследований и медицинского осмотра	Медициналық тексеріп-қарау жүргізген дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық цифрлық қолтаңбасы / Фамилия, имя, отчество (при наличии), электронная цифровая подпись врача, проводившего медицинский осмотр.
-----------	---	--

7-бөлім. Профилактикалық екпелер туралы мәліметтер/Раздел 7. Сведения о профилактических прививках

Инфекциялық ауруға қарсы вакцинация/Вакцинация против инфекционного заболевания \_\_\_\_\_

Препаратты енгізу күні/Дата введения препарата " " \_\_\_\_\_ жыл/года

8-бөлім. Патогенді стафилококты тасымалдауға зерттеу нәтижесі/Раздел 8. Результат исследования на носительство патогенного стафилококка

Күні/Дата	Дәрігердің қорытындысы/Заключение врача	Медициналық тексеріп-қарау жүргізген дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық цифрлық қолтаңбасы / Фамилия, имя, отчество (при наличии), электронная цифровая подпись врача, проводившего медицинский осмотр.
-----------	---	--

9-бөлім. Гельминт жұмыртқаларына зерттеу нәтижесі/Раздел 9. Результат исследования на яйца гельминтов

Күні/Дата	Дәрігердің қорытындысы/Заключение врача	Медициналық тексеріп-қарау жүргізген дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық цифрлық қолтаңбасы / Фамилия, имя, отчество (при наличии), электронная цифровая подпись врача, проводившего медицинский осмотр.
-----------	---	--

10-бөлім. Бактериологиялық зерттеу нәтижесі/Раздел 10. Результат бактериологического исследования

		Медициналық тексеріп-қарау жүргізген дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық цифрлық қолтаңбасы /
--	--	---

Күні/Дата	Дәрігердің қорытындысы/ Заключение врача	Фамилия, имя, отчество (при наличии), электронная цифровая подпись врача, проводившего медицинский осмотр.
-----------	---	--

11-бөлім. Вирустық гепатиттер, адамның иммун тапшылығы вирусы маркерлеріне зерттеу нәтижесі/Раздел 11. Результат обследования на маркеры вирусных гепатитов, вирус иммунодефицита человека

Күні/Дата	Дәрігердің қорытындысы/ Заключение врача	Медициналық тексеріп-қарау жүргізген дәрігердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық цифрлық қолтаңбасы / Фамилия, имя, отчество (при наличии), электронная цифровая подпись врача, проводившего медицинский осмотр.
-----------	---	--

12-бөлім. Жұмыс істеуге рұқсат/Раздел 13. Допуск к работе

Күні/ Дата	Жұмыс істеуге рұқсат "___" _____ жылы, күні, айы бастап "___" _____ жылы, күні, айы дейін Допуск к работе от "___" _____ дата, месяц, год до "___" _____ дата, месяц, год	Денсаулық сақтау субъектінің QR-коды және маманның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), электрондық цифрлық қолтаңбасы / Фамилия, имя, отчество (при наличии), электронная цифровая подпись специалиста и QR-код субъекта здравоохранения.
------------	--	--

Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларына 2-қосымша

Нысан

**Жеке медициналық кітапшаларды есепке алу журналы/Журнал учета личных медицинских книжек**

Р/с №/№ п/п	Иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)/ Фамилия, имя, отчество (при наличии) владельца	Жұмыс орны, лауазымы/Место работы, должность	Тұрғылықты мекен жайы/ Место жительства	Нөмірі/ Номер	Рұқсат туралы белгі/Отметка о допуске
1	2	3	4	5	6

